

Ресми рецензенттің
8D02202-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған
Ыбырайхан Марат Үбырайханұлының
«1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері
тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациясына
ПІКІРІ

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту куніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) <u>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Үбырайхан Марат Үбырайханұлының «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациясы ғылымды дамытудың негізгі бағыттарына және ҚР мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Үбырайхан Марат Үбырайханұлының диссертациясы ҚР Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен басымдық берілген ғылыми бағыттардың арасынан «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертациялық зерттеу ғылымға елеулі үлесін қосады, бұл жұмыстың кіріспесінен және теориялық мәселелерге арналған бөлімінен байқалады. Қазақстандық тарих ғылымы үшін диссертацияның маңыздылығы Орталық Қазақстанның ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы алғаш рет дербес зерттеудің обьектісі болуымен байланысты. Қазақстандық және ресейлік жалпы саны 7 архивтың деректері мен 121 респонденттен алынған ауызша интервью материалдары негізінде өнірлік ерекшелік анықталған. Тақырып аясындағы ғылыми мәселелер бойынша шетелдік және отандық, кеңестік және қазіргі уақыттағы зерттеушілердің енбектеріне кешенді тарихнамалық талдау жүргізілген.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Жұмыстың дербестік деңгейі жоғары.

		<p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған</p>	<p>Ыбырайхан М.Ы. диссертациясы дербес, аяқталған зерттеу болып табылады. Фылими айналымға архивтік және ауызша тарихи деректердің Орталық Қазақстан, сонымен қатар жалпы Казакстанның ауылдық аймақтарының 1960-1980 жж. тарихы бойынша ауқымды тобы енгізіліп отын. Зерттеудің мақсаты –</p>
--	--	--	--

		<p>барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>тольғымен жаңа</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>зерттеуінің барлық бөлімдері толығымен өзара байланысқан және логикалық негіздемеге ие. Құрылымдық жағынан жұмыс анықтамалар, қысқартылған сөздер, кіріспе, төрт бөлім, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінің ауқымды көлемі және қосымшадан құралған. Жұмыстың құрылымы диссертациялық зерттеулерге қойылатын талаптарға сай болып келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Диссертациялық зерттеуді жазу барысында диссертант сынни талдаудың элементтерін қолданған. Автор көптеген архивтік құжаттарды талдаған. Сонымен қатар, бірқатар мәліметтер бойынша өнір ішіндегі аудандар арасындағы, өнірдің республика облыстарымен, еліміздің одактас республикалармен салыстырмалы талдауы жасалған. Автор ғылыми зерттеу әдістерінің кең спектрын пайдаланған: жалпы ғылыми және арнайы тарихи. Ауызша тарих бағытының Т.К. Щеглова әдістемесіне негізделген әдістері басшылыққа алынған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ібірайхан М.Ы. диссертациясының ғылыми нәтижелері және қорғауға ұсынылған тұжырымдары толықтай жаңа болып табылады. Бұл диссиденттың 1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының құнделікті өмір тарихын зерттеудегі маңызды үлесін айғақтайды. Нәтижелер мен тұжырымдар ауқымды деректік база негізінде қалыптастырылған: 7 топтағы дерек көздеріне сүйенген. Олардың ішінде ең бастылары жазбаша (архив құжаттары) және ауызша (интервью материалдары) деректер негізгі, түпнұсқа мәлімет болып отыр.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссидент зерттеу нәтижесінде жасаған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары отандық тарих ғылымындағы жаңа бағыттың, ауылдық аймақтағы құнделікті өмір тарихын зерттеудің негізін қалыптастыруға маңызды үлесін қоса алады. Жеті архивтың отыз сегіз қорынан алынған архивтік құжаттар және жүз жынырмадан астам респонденттен алынған интервью материалдары тың материалдар болып табылады. Олардың негізіндегі қорытындылар батыс еуропалық заманауи ғылыми-теориялық ұстанымдар негізінде қалыптастырылған. Зерттеудің негізгі нәтижелері 12 ғылыми мақалада көрініс тапқан. Оның ішінде: 6 ғылыми мақала ҚР ғжЖБ министрлігі ғжЖБССҚҚ ұсынған тізімдегі басылымдарда (журналдарда), 6 ғылыми мақала алыс және</p>

			жақын шетелдегі халықаралық ғылыми конференциялар жинағында жарияланып, оның ішінде 3 мақала бойынша ауызша баяндама жасалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері жартылай жаңа және негізделген болып табылады. Диссертациялық жұмыста негізінен теориялық сипаттағы тұжырымдарға басымдық берілгендейтін қолданбалы сипаттағы техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару шешімдері толықтай жаңа болып келмейді. Бұл шешімдердің толықтай жаңа болмауы жұмыстың қай ғылым саласында жазылуынан шығады. Тарих ғылыми бойынша диссертация болғандықтан өткен шақ тәжірибесін ескеруге басымдық беріліп, бұрынғы тәжірибені менгеру маңызды болып келеді.
6	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	М.Ы. Ыбырайхан диссертациясының негізгі корытындылары теориялық концепциялар мен тәсілдердің сараптамасы арқылы жасалған. Сараптама үшін күнделікті өмір тарихын зерттеу мәселелері бойынша мамандардың еңбектері қолданылған, архивтік және ауызша тарихи деректер талдауға түсken. Батыс Еуропалық философтардың, тарихшылардың және ресейлік тарихшылар мен мәдениеттанушылардың теориялық тұжырымдары корытындыны жаңаша материалдар арқылы жасауға негіз болды.
7	Қорғауға шыгарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбіді; 4) дәлелденбіді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок	1-ші тұжырым. Диссертацияның теориялық-методологиялық негізі ретінде ресейлік тарихшы Н.Л. Пушкирова мен неміс тарихшысы М. Дингестің теориялары алғынғаны көрсетілген. Бұл теориялар батыс Еуропалық ғылыми ортада қалыптасқан күнделікті өмір тарихы және жана әлеуметтік тарих бағытында әзірленгені анықталған. Бұл ұстанымдар пәнаралық зерттеулерге жол ашып, зерттеу сапасын арттыратыны дәлелденген. 7.1 тұжырым дәлелденген 7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген. Проблемы историографии истории сельской повседневной жизни в Центральном Казахстане в 1964–1985 гг. Семья и детство в повседневной жизни: история и современность: материалы международной научной конференции: в 2 томах. – Т. 1. – Санкт-Петербург: ЛГУ имени А.С. Пушкина, 2023. - С. 115-120. 2-ші тұжырым. Тарихнамалық шолу жасай

		<p>отырып, ғылыми әдебиеттерді талдау арқылы күнделіктілік тарихы бойынша енбектердің негізгі үш тобы бөліп көрсетілген: 1) шетелдік, сонымен қатар посткенестік; 2) кенестік сонымен қатар Қаз КСР зерттеушілерінің; 3) тәуелсіз Қазақстан зерттеушілерінің.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 жаңа болып табылады</p> <p>7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген. Проблемы историографии истории сельской повседневной жизни в Центральном Казахстане в 1964–1985 гг. Семья и детство в повседневной жизни: история и современность: материалы международной научной конференции: в 2 томах. – Т. 1. – Санкт-Петербург: ЛГУ имени А.С. Пушкина, 2023. - С. 115-120.</p> <p>3-ші тұжырым. Деректер кешені 3 түрге, оның ішінде 7 топқа бөлінген. Ең манызды дерек түрі ретінде ауызша және жазбаша дерек, оның ішінде іс-қағаз құжаттары мен ауызша интервью материалдары келтірілген. Диссертацияның жазылуы мен көптеген мәселелерді айқындау осы еki дерек түрімен байланысты болып келеді.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 жаңа болып табылады</p> <p>7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген. Қазіргі тарих ғылымындағы Орталық Қазақстанның 1964-1985 жж. ауылдық күнделікті өмірін зерттеуге арналған деректерге шолу. «Қазіргі сын-қатерлер жағдайындағы ғылым мен білімнің өзекті мәселелері» «Ұәлиев оқулары-2022» Халық. ғыл.-тәжір. конф. матер. жинағы. З-бөлім. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚУ «Берел» баспасы, 2022. – Б. 200-203.</p> <p>4-ші тұжырым. Орталық Қазақстанның экономикалық ерекшелігі, табиғи-шаруашылық сипаты негізінде ауылдық аймақтардың даму негізі талданған. Әндірісті өнір бамуының ауылдық аймақтарға ықпалы және тұрғындардың материалдық өміріндегі өзгерістер сипаты сандық мәліметтермен тұжырымдалған.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 жаңа болып табылады</p> <p>7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген. 1964-1985 жж. Орталық Қазақстанның ауылдық аймағының әкімшілік бөлінісі, ұлттық құрамы мен табиғи ерекшелігінің күнделікті өмір тарихын зерттеудегі қолданылуы. «Challenges and problems of</p>
--	--	---

		<p>modern science» I халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Лондон: «World of Conferences», 2022. – Б. 12-14.</p> <p>5-ші тұжырым. Орталық Қазақстанның ауыл елді-мекендеріндегі этнодемографиялық жағдай нақты әрі толыққанды деректер негізінде жүйеленіп берілген. 1960-1970 жж. этнодемографиялық ахуалдың біркетар өзгерісі 1970 және 1979 ж. санак мәліметтерін өзара салыстыру арқылы көрсетілген. Қазақтар санының біртіндеп артуы мен өзге ұлт өкілдері санының азауы жүріп, ұлттық құрамның негізгі сипаты тәуелсіздік жылдарына дейін сақталған анықталған.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 жаңа болып табылады</p> <p>7.4 колдану үшін деңгейі жоғары</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p>1. Этнодемографическое положение в сельских районах Центрального Казахстана в 1964-1985 гг. в контексте евразийского мира и истории повседневной жизни. «Ломоносов – 2023»: XVIII Международная научная конференция студентов, магистрантов и молодых ученых: материалы конференции в 2-х частях. I часть. – Астана: Казахстанский филиал МГУ имени М.В. Ломоносова, 2023. – С. 202-204.</p> <p>2. ҚХР репатрианттарының 1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауылдық күнделікті өмірге және өнірдің этнодемографиялық жағдайына әсері. XX ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай күгін -сүргін тарихы: жаңа мұрагат деректері және зерттеулер. 31-мамыр саяси күгін-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған халықаралық ғыл.-тәжір. конф. материалдары. – Қарағанды: Қарағанды университетінің баспасы, 2023. – Б. 79-83.</p> <p>6-шы тұжырым. Баспаңа тұрғызу ісінде 1960 жж. кемшіліктерге толы уақыт болғаны көрсетіліп, 1970 жж. он көрсеткіштердің артуы анықталған. Тұрғын үй мәселесін шешу ісі өндірістік қалаларға таяу елді-мекендерде ертерек шешіле бастағаны көрсетілген. Баспанамен қматамасыз етуде басымдық бюджеттік қызметкерлерге берілмегені айқындалған.</p> <p>7.2 тривиалды емес</p> <p>7.3 жаңа болып табылады</p> <p>7.4 колдану үшін деңгейі жоғары</p> <p>7.5 мақалада дәлелденген. 1964-1985 жж.</p>
--	--	---

		<p>Орталық Қазақстандағы ауыл тұрғындарының күнделікті өміріндегі баспана құрылсызы және баспанамен қамтамасыз ету мәселелерін шешу тәжірибесі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы: «Тарих» сериясы. №3(106)/2022.-Б. 90-104. https://doi.org/10.26577/JH.2022.v106.i3.010</p> <p>7-ші тұжырым. Табыс көзі негізінен жалақы екендігі, тамақтануға қажетті жеке қосалқы шаруашылықтан алынғанымен, табыс пен сауда көлеміне де тәуелді болып, сауда мен қамтамасыз ету деңгейінің ауылдық аймақтарда жоғары болмағаны анықталған. Тапшы тауар алу жолдарында бейресми катынастар: туысқандық, жерлестік, жолдастық және т.б. маңызды болғаны ауызша деректермен дәлелденген. Шалғай мал шаруашылығы аймақтарын қамтамасыз ету деңгейі өзге аумактардан төмен болғаны айқындалған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p>Problems of trade and provision in the daily life of rural regions residents of Central Kazakhstan during 1964-1985. Bulletin of the Karaganda university. History. Philosophy series. № 1(109)/2023. – P. 144-154. DOI 10.31489/2023HPh1/144-154.</p> <p>8-ші тұжырым. Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарындағы жеке қосалқы шаруашылықтың дамуы өнірішлік ерекшелітерге тәуелді болып, жергілікті жердегі табиғи-климаттық сипатка байланысты болғаны айқындалған. Қазақтардың саны басым мал шаруашылығы аудандарында жеке қосалқы шаруашылық мал өсіруге, өзге аумактарда мал өсірумен қатар бау-бакша ұстауга негізделгені дәлелденген. Жеке қосалқы шаруашылықты табыс әрі тамақтану көзі ретінде пайдалану мақсатында ұстап, шаруашылықты қамтамасыз ету үшін еріксіз түрде зансыз жолдардың пайдаланылғаны анықталған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген.</p> <p>Орталық Қазақстандағы 1964-1985 жж. ауылдық күнделікті өмірде тамақтану мен азық-түлік сақтау мәселелеріндегі ескі ұстаным мен жаңашылдықтың арақатынасы. Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ Хабаршысы: «Тарих.Философия» сериясы.</p>
--	--	---

		<p>№2(106)/2022.-Б. 128-143. DOI 10.31489/2022HPh2/128-143</p> <p>9-шы тұжырым. Ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайы ауыр болып, механизация деңгейінің төмендігі мен өнім алу жоспарының үнемі артқаны айқындалған. Жұмысшы күшінің жетіспеуі 1 адамға артылатын жүктемені 2-3 есеге арттырып жібергені анықталған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген. 1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің күнделікті өмірі: комсомол-жастар бригадаларының еңбегі мен қызметінің материалдары бойынша. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты «Отан тарихы» ғылыми журналы. №3(99)/2022.-Б. 144-155. DOI 10.51943/1814-6961_2022_3_144</p> <p>10-шы тұжырым. Орталық Қазақстандағы денсаулық сақтау саласындағы кемшіліктерді 1960-1980 жж. бастап ушықкан экологияның бүлінуі арттыра түскені көрсетілген. Екпе күшімен көптеген ауруларды жою жүргізілсе де, еңбек жағдайы мен тамактану кемшіліктері медицина жетістіктерінің табысын кемітіп отырғаны айқындалған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген. 1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл тұрғынының күнделікті өміріндегі денсаулық сақтау жағдайының мәселелері. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы: «Тарихи ғылымдар. Философия. Дінттану» сериясы. №2(139)/2022.-Б. 131-150. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-139-2-131-150.</p> <p>11-ші тұжырым. Білім беру ісінде жас ұрпақты еңбек тәрбиесімен баулу жүргізіліп, ата-ананың мектепке деген сенімінің жоғарылығы көрсетілген. 1960-1970 жж. ауылдық аумақтарда мектеп саны азая түскенімен, олардың ірілendіrlуі жүргізілгені анықталған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жаңа болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 мақалада дәлелденген. Кеңес үкіметінің білім беру саласындағы саясатының күнделікті өмірдегі көріністері: Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарының</p>
--	--	---

			<p>материалдары бойынша. Белгілі тарихшығалым Қ.С. Алдажұмановтың 80 жасқа толуына орай өткен «ХХ ғасырдағы отан тарихы: өзекті мәселелері және жаңа ұстанымдар» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағы. – Алматы: Ш.Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 2022. – Б. 154-159</p> <p>12-ші тұжырым. Мәдениет пен өнер саласы кеңестік идеологияның ықпалына ұшырағаны, мәдениет мекемелері мен көркемөнерпаз ұжымдарының жергілікті жердегі басым орыны, киноның бос уақыт өткізуіндің жиі кездесетін түрі реттіндеңі орыны көрсетілген. Шопандар тойы, мерекелер және т.б. іс-шаралар тұракты түрде жыл сайын қайталанып, реттеліп отыrsa, тойлар мен өзге де қуанышты себеп дастархандары қоғамның өз ішіндегі реттілікпен жүргізілгені айқындалған.</p> <p>7.2 тривиалды емес 7.3 жана болып табылады 7.4 қолдану үшін деңгейі жоғары 7.5 макалада дәлелденген. 1964-1985 жж. Орталық Қазақстанның ауылдық күнделікті өміріндегі мәдениеттің орны мен дамуының мәселелері. Е.А. Бекетов атындағы ҚарУ Хабаршысы: «Тарих.Философия» сериясы. №4(107)/2022.-Б. 189-202. DOI 10.31489/2022HPh4/189-202</p>
8	Дәйектілік принципі мен Дереккөздер үсінілған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иля</u>; 2) жок</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иля</u>; 2) жок</p> <p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және</p>	<p>Зерттеудің методологиясын таңдау кіріспеде және арналық бөлімде толықканда көрсетілген. Жалпы ғылыми әдістер арасынан анализ, синтез, индукция, дедукция қолданылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану арқылы алынған. Ауызша деректерді өңдеудің әдістерін жүзеге асыруда заманауи технологиялар кен қолданысқа түсін.</p> <p>Теориялық қорытындылар, сонымен катар анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар төрт қазақстандық және үш ресейлік архивтің материалдарымен дәлелденген және расталған: Қарағанды облысы Мемлекеттік архиві, Ұлытау облысы Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік</p>

	<p>расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жоқ</p>	<p>архиві, Қазақстан Республикасы Президенті архиві, Ресей Федерациясы Мемлекеттік архиві, Ресей Мемлекеттік Экономика архиві, Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві.</p>
	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара <u>расталған</u> /расталмаған</p>	<p>Манызды мәлімдемелер мен тұжырымдар нақты, сенімді және өзекті ғылыми әдебиетке сілтемелермен расталып, диссертацияның барлық бөлімдерінде байқалады, әсіресе арнайы теориялық бөлімдегі методологиялық, тарихнамалық және деректік негіз мәселелеріне байланысты әдебиеттер ғылыми мәселе бойынша толыққанды түсінік беруге мүмкіндікті арттыра түседі. Алыс шетел ғылыми әдебиетінен: неміс философтары Э. Гуссерль, А.Шюц және т.б.; күнделікті өмір тарихы бойынша классикалық еңбектер санатындағы француз тарихшыларының Анналдар мектебінің 1-3 толқындары көшбасшылары мен өкілдері: Л. Февр, М. Блок, Э. Ле Руа Ладюри, Ж. Дюби, Ф. Арьең және т.б.; италян микротарих мектебі өкілдері К. Гинзбург, Дж. Леви, С. Черутти және т.б. еңбектері пайдаланылған. Ресейлік авторлардың қатары қалың болып келіп тек монографияларға емес, диссертациялар, мақала және мақалалар жинақтары қолданылған. М. Пушкирова секілді тарихшылар мен Л. Беловинский секілді мәдениет тарихын танушылар бастаған зерттеушілердің қалың шоғырының еңбектері мен тұжырымдары орынды келтірілген. Сонымен катар, диссертант кейінгі жылдары жарияланған алыс шетелдік тарихнамадағы, оның ішінде батыс еуропалық ғылыми мектептердің еңбектері мен теорияларын қолданбаған. Әсіресе британ әлеуметтік антропологиясы өкілдерінің зерттеулері ескерілмей қалған. Ұсыныс ретінде британдық әлеуметтік антропология бағытының ірі зерттеушісі Алан Барнардтың теорияларын қолдануды және оның келесі еңбектерін пайдалануды атап өтуге болады: Hunter-Gatherers in History, Archaeology and Anthropology (Охотники-собиратели в истории, археологии и антропологии, 2004), Social Anthropology: Investigating Human Social Life (Социальная антропология: исследование социальной жизни человека, 2006).</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертант 420 астам әдебиет пен дереккөзді</p>

		жеткілікті/жеткіліксіз	
9	Практикалық күндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	Диссертация белгілі бір теориялық маңызға ие. Бұл маңыздылық тек тарих ғылымы үшін ғана емес, өзге де гуманитарлық ғылым салалары үшін қажет. Үбірайхан М.Ы. күнделікті өмір тарихы ғылыми бағытының теориялық-методологиялық ұстанымдары мен тәсілдеріне зерттеу жүргізген. Ізденіс нәтижесі антропологиялық, психологиялық, мәдени, әлеуметтік және басқа да контексттерде маңызы болып келеді.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иа;</u> 2) жок</p>	Диссертация жоғары практикалық маңыздылыққа ие және зерттеу жұмысының нәтижелерін ауылдық аумақтарды дамыту бағытындағы жұмыстарда пайдалану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу жұмысы мазмұнында ауылдық аумақтарды дамыту бойынша мемлекеттік органдардың шешімдері мен қабылдайтын тұжырымдарында, кәсіпкерлердің жеке іскерлік жобаларын әзірлеуде қолдануға болатын күнды ойлар мен тұжырымдар кездеседі. Бірқатар нәтижелерді «Тарих» бойынша арнайы курсарды әзірлеу мен оқытуда кен түрде қолдануға болады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Практикаға арналған ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Көптеген практикалық маңызды ұсыныстар ғылыми ортада, әсіресе қазақстандық тарих ғылымындағы ресми әдебиетте алғаш рет келтіріліп отыр. Сонымен қатар, бірқатар практикалық ұсыныстар әлеуметтік маңызды салаларда және бағыттарда қолданылуға мүмкіндігі зор. Откен өмір тәжірибесі мен бүтінгі күн ерекшелігі қатар ұсынылған ойлар казіргі қоғамда қабылданатын шешімдер мен ұстанымдарға теориялық негіз бола алады.

Корытынды: 8D02202-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған Үбірайхан Марат Үбірайханұлының «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациясы дербес ғылыми зерттеу болып табылады, «Ғылыми дәрежелерді беру ережесінің» талаптарына сәйкес келеді. Диссиденттің ұсынылған дәрежеге лайықты деп есептеледі.

Ресми рецензент:

тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
А. Мырзахметов атындағы Қекшетау университетінің
ғылыми ісі жөніндегі проректоры

А.К. Капышев

01.11.2023 ж.

